

Кузембекова Р.А.

Қазақстан халқының кіріс көздерінің құрылымы, олардың өзгеру үрдістері

Үй шаруашылығы табыстарының құрылымы көздері аясында – бұл үй шаруашылығын әл-ауқатының құрылу үдерістерінің маңызды сипаттамасы, себебі үй шаруашылығы үшін маңызды болып саналатын табыс көздері туралы көзқарастарды ұсынады. Халықтың ақшалай табысының құрылымының өзгеруі, халықтың табысы бойынша теңсізденуінің әлсіреуіне немесе керісінше күшеюіне әсер ететін факторлардың бірі болуы мүмкін. Үй шаруашылығы қазіргі кезде экономикалық қызметтің маңызды субъектілерінің бірі ретінде көрінеді, оның нәтижесінен жекелеген шаруашылық бірліктерінің ғана емес, елдегі халықтың әл-ауқатына байланысты. Белгілі болғандай, үй шаруашылығындағы ақшалай табыстар жалақы түріндегі үй шаруашылығы мүшелерімен алынған ақшалай қаржыны, кәсіпкерлік қызметтен түскен табысты, әлеуметтік төлемдерді (зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы және басқа да төлемдер), пайыздарды, дивиденттерді және меншіктен түскен басқада табыстарды, басқа да ақшалай түсімдерді құрайды. Табыстар үй шаруашылығындағы тұтыну тауарлары мен қызметтеріне, жинақтарына мен міндетті төлемдеріне, яғни, шығындарды жүзеге асыру қажеттіліктерін қанағаттандырудың негізгі көзі болып табылады. Үй шаруашылығындағы табыстар мен шығындардың арасындағы ажырамас байланыс, ең алдымен шығындардың құрылымы мен көлеміне табыстардың құрылымы мен көлеміне байланысты көрініс табады. Демек, табыстардың жалпы деңгейі төмендегенде олардың аз бөлігін жинақтарға жұмсауға болады, себебі кез-келген үй шаруашылығында қамтамасыз етуге тиісті тұтынушылық тауарлар мен арнайы физиологиялық және әлеуметтік минимумы бар.

Түйін сөздер: табыс, зейнетақы, кіріс көздері, өмір сүру деңгейі.

Kuzembekova R.A.

Processes in The Structure of the sources of their Publications changes in the population of Kazakhstan

The structure of household income by source – this is an important characteristic of the formation of household wealth, as it gives an idea what kind of income sources most significant for households. Changing the structure of incomes of the population may be one of the factors influencing the gain or, conversely, the weakening of population differentiation in income. Households at the present stage is one of the important subjects of economic activity, the outcome of which depends not only on the welfare of individual economic units, but the entire population of the country. It is known that cash income households are the sum of money received by household members in the form of wages, income from business activity, social benefits (pensions, stipends, allowances and other payments), interest, dividends and other property income, other cash receipts.

Key words: income, pension, sources of income, standard of living.

Кузембекова Р.А.

Процессы изменения в структуре источников доходов населения Казахстана

Структура доходов домохозяйства в разрезе источников – это важная характеристика процесса формирования благосостояния домохозяйства, так как дает представление, какой из источников доходов наиболее значим для домохозяйства. Изменение структуры денежных доходов населения может быть одним из факторов, оказывающих влияние на усиление или, наоборот, ослабление дифференциации населения по доходам. Домашние хозяйства на современном этапе выступают одним из важных субъектов экономической деятельности, от результатов которой зависит не только благосостояние отдельной хозяйственной единицы, но и всего населения страны. Как известно, денежные доходы домашних хозяйств представляют собой сумму денежных средств, полученных членами домашних хозяйств в виде заработной платы, дохода от предпринимательской деятельности, социальных выплат (пенсий, стипендий, пособий и других выплат), процентов, дивидендов и других доходов от собственности, прочих денежных поступлений.

Ключевые слова: доход, пенсия, источники дохода, уровень жизни.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ КІРІС КӨЗДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУ ҮРДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050 – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаруына кіріс көздерінің құрылымы мен үй шаруашылығын жақсарту үрдісінің маңызды сипаты бар екендігін ерекше атап, халықты табысы мол жұмыспен қамтудың жаңа жүйесін құрудың қажеттілігіне тоқталған болатын [1]. Үй шаруашылығындағы кіріс көздерінің ақшалай құрылымы осы сала үшін қай кіріс көзінің маңызды екенін анықтауға мүмкіндік береді. Халықтың ақшалай кірісі құрылымының өзгеруі халықтың кірістері бойынша жіктелуінің күшеюіне немесе керісінше әлсіреуіне әсер ететін факторлардың бірі бола алады. Халықтың ақшалай табыстары келесі: еңбекақы, зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы, жеке шаруашылықта өндірілген өнімді сатудан түскен кірістер, көрсетілген қызметке төлемдер түрінде, жеке мүлікті сату немесе оны жалға беруден түскен түсімдер сияқты кіріс көздерінен құралады.

2013 жылы Қазақстан Республикасында үй шаруашылығындағы ақшалай түсімдер құрылымының көп бөлігін еңбек қызметінен түскен кірістер (еңбекақы және кәсіпкерлік кірістер) құрады, яғни 80,9%, үй шаруашылығы кірістерінің барлығының ішінде: жалданып жұмыс істеуден түскен кіріс 71,3%; өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс 9,6%; зейнетақы 11,9%; шәкіртақы 0,5%; адрестік әлеуметтік көмек (АӘК) және тұрғын үймен қамтамасыз ету 0,1%; туыстардың материалдық көмегі, алименттер, басқа кірістер 3,3%(1-сурет).

ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық әлеуметтік зерттеулер институтының 2013 жылы жүргізілген зерттеулерінің нәтижесі бойынша халықтың 56,7%-н кірістерінің негізгі көзі еңбекақы болып табылады, оның ішінде 8,9%-ының қосымша табыс көзі бар, бірақ ол үнемі емес; ал 3,4%-ның үнемі қосымша табыс көзі бар. Халықтың 8,3%-ның табыс көзі жеке кәсіпкерлік қызметінен түскен түсім болып табылады. Респонденттердің 11%-ы кездейсоқ жалақымен күн көреді [3].

ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша үй шаруашылықтарының 45,7%-ы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істеу арқылы табыс табады (бұл, біздің ойы-

мызша, халықтың кірістерін құруда мемлекеттік саясат рөлінің жоғары екендігін көрсетеді). Ал 44,1%-ы мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыс істеу арқылы, 13,3%-ы жеке тұлғаларда және

шаруа қожалықтарында жалданып жұмыс істеу арқылы, 11,4%-ы өзін-өзі жұмыспен қамту арқылы, ал 1,1%-ы жеке кәсіпкерліктен табыс табады (2-сурет).



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған[2]

1-сурет – ҚР халқының 2013 жылғы ақшалай кірісінің құрылымы



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [2]

2-сурет – 2013 жылғы ҚР үй шаруашылығының кіріс көздері

Жауап алынғандардың 35,8%-ы үй шаруашылығының тағы бір табыс көзі ретінде жеке қосалқы шаруашылықтан (өздерінің тұтыну тауарларын өндіруге арналған) түскен табысты көр-

сетті. Жекеменшіктен түскен табысты кіріс көзі ретінде көрсеткен респонденттер 1,1%, депозит пен салымдар бойынша пайыздар 1,2%, жылжымайтын мүліктен түскен табыс 2,2% құрады.


ТМД елдерінің көпшілігінде ақшалай кірістің негізгі көзі жалданып жұмыс істеушілердің еңбекақысы болып табылады: бұл көрсеткіш Әзірбайжан, Армения, Белорусия, Қырғызстан және Ресей елдерінде ақшалай кіріс өсімінің көп бөлігін құрайды. Бірақ, 2013 жылы Қазақстанда бұл көрсеткіштің үлес салмағы– 71,3% болса, Әзірбайжан және Қырғызстан мемлекеттерінде ақшалай кірісті жеке және кәсіпкерлік қызметтен, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімдерін сатудан (үй шаруашылығының ақшалай кірістерінің 40%-ға жуығы) түскен түсімдер, ал Армения, Белорусия, Молдавия, Украина елдерінде әлеуметтік төлемдер (ең негізгісі-зейнетақы) құрайды (3-сурет).

Қазақстан халқының ақшалай кірістері құрылымының динамикасын қарастыратын болсақ, 2003-2013 жылдар аралығында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Осы он жыл ішінде еңбек кірісінің үлес салмағы 2003 жылы 76%-дан 2013 жылы 79%-ға өсті және осы жоғарғы қалпында

қалып отыр. Соған қарамастан әлеуметтік трансферттер үлесі 2%-ға төмендеді және 2013 жылы 16%-ды құрады, басқа да әлеуметтік түсімдер 2%-ға азайды (4-сурет).

Халық кірісінің құрамындағы жалданып жұмыс істеуден түскен кіріс үлесі 2006 жылғы 67,9%-дан 2013 жылы 71,3%-ға өсті. Осыған байланысты, мемлекеттегі кедей халық үлесі динамикасының өзгеруі мен жағдайды жақсартуға қол жеткізудің басты көзі жалдамалы жұмыстың еңбекақысы болып табылады.

Халық кірістерінің құрамындағы жеке меншіктен түскен кіріс үлесі мен кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс үлесін анықтаудың маңызы зор. Соңғы жылдары Қазақстанда орын алған шағын бизнес масштабының кеңеюі мен қаржылық инфрақұрылымның дамуы жеке меншіктен және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер үлесінің артуын қамтамасыз етуі тиіс және де халықтың ақшалай кірісінің құрамындағы бұл көрсеткіштердің үлесі өсуі қажет.




Дерек көзі: Казахстан и страны СНГ. Ежеквартальный журнал // под редакцией А. Смаилова, Астана, №4-2014, с. 57. [4]

3-сурет – ТМД елдеріндегі 2013 жылғы үй шаруашылығының негізгі кіріс көздері


Келтірілген мәліметтер бойынша халық табысының құрылымындағы айырмашылықтарды ескере отырып, жұмыспен қамтылған халықтың 33%-ын құрайтын, шағын бизнесті қолдау және өзін-өзі жұмыспен қамтитындарды оқытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды дамыту және олардың халық кірісіндегі үлесін, белсенді кәсіпкерлер санын арттыра отырып, кем дегенде 20%-ға көбейту қажет.

Әлеуметтік трансферттердің кірістердің жалпы көлеміндегі үлесі айтарлықтай өзгермеді және 2013 жылғы жағдай бойынша 16%-ды құрады. Яғни, халықтың ақшалай кірісінің негізгі құраушылары: еңбек қызметінен түскен кіріс және әлеуметтік трансферттер 2003-2013 жылдар аралығында бірдей қарқында өсіп отырды (5-сурет), осыдан келіп күшті құрылымдық қайта бөлулер болмады.



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [2]

4-сурет – ҚР халқының 2003-2013 жж. ақшалай кірісі құрылымының өзгерісі



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [2]

5-сурет – ҚР 2009-2013 жж. аралығындағы өзін-өзі жұмыспен қамту, жеке және кәсіпкерлік қызмет бойынша халық кірісінің динамикасы

Қазақстанның қалалық және ауылдық жерлерінде тұратындардың үй шаруашылығындағы кіріс құрылымдарының арасында айтарлықтай ерекшеліктері бар. 2013 жылы қалалық жерлердегі үй шаруашылығының кірісі келесі табыс көздерінен: жалданып жұмыс істейтіндердің еңбекақысынан (75,1%), жеке және кәсіпкерлік қызметтен түскен табысынан (6,6%), сонымен

қатар зейнетақыдан (11,6%) құралды. Ауылдағы үй шаруашылығы кірісінің көп бөлігінің жалданып жұмыс істейтіндердің еңбекақысы (63,5%) құрады, бірақ бұл қаладағыға қарағандасалыстырмалы түрде төмен болды. Сонымен қатар, қалада да ауылда да кірістің айтарлықтай бөлігін шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген ауылшаруашылық


өнімдерін сатудан жиналған ақшалай түсімдерден қалыптасқан жеке және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар (15,8%) құрады (1-кесте).

Ауылда зейнетақы мен жәрдемақының үлесі жоғары, тіпті жәрдемақы бойынша айтарлықтай айырмашылық бар – қалада 2,5% болса, ауылда

4,1% оның себебі бала туылу деңгейінің жоғарылығымен түсіндіріледі. АӘК және тұрғын үймен қамтамасыз ету қаладағы және ауылдағы халық кедейлігінің 0,1%–ын құрап отыр, бұл туысқандар тарапынан көрсетілетін көмектен 33 есе төмен.

1-кесте – 2009-2013 жж. қалалық және ауылдық жерлердегі халықтың ақшалай кірісінің құрылымы, %

Ақшалай кірітер құрылымы	2009		2010		2011		2012		2013	
	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Жалдамалы жұмыс	73,2	66,1	75,1	63,5	74,3	59,7	75,8	62,0	74,6	61,7
Өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызмет	7,1	14,5	6,6	15,8	7,7	18,6	6,6	17,4	7,7	17,5
Зейнетақы	12,3	11,2	11,6	12,6	11,1	13,1	11,4	12,8	11,7	13,1
Жәрдемақы	2,7	4,1	2,5	4,1	2,0	3,9	2,0	3,7	1,9	3,7
АӘК және тұрғын үймен қамтамасыз ету	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Шәкіртақы	0,3	0,3	0,3	0,4	0,5	0,5	0,4	0,5	0,4	0,5
Жекеменшік	0,9	0,4	0,6	0,2	0,4	0,2	0,5	0,2	0,3	0,2
Туыстардың көмегі, алименттер, басқа да кірістер	3,4	3,3	3,2	3,3	4,0	4,0	3,3	3,3	3,4	3,3
Барлығы:	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [2]

6-сурет – 2003-2013 жж. табыстың сатып алу мүмкіндігі, %-бен

Халықтың өмір сүру деңгейінің индикаторларының ішінде көп мәлімет беретін көрсеткіш бұл – «табыстың жан басына шаққандағы орташа сатып алу мүмкіндігі» болып табылады. Табыстың сатып алу мүмкіндігінің өсуі халық кедейшілігінің қысқаруына әсер етеді. Тұтынуға жұмсалған табыстың сатып алу мүмкіндігі мен аймақтар бойынша кедейлер үлесінің арасындағы корреляциялық байланыс тығыз, корреляция коэффициенті – 0,88-ге тең [5]. Тұтынуға жұмсалған табыстың жан басына шаққандағы орташа сатып алу мүмкіндігі 2003жылы 117,2 %-ды құрады, 2006 жылы 175,4% дейін өсті де, 2007 жылы 162,1%-ға төмендеді, 2009-2010 жж. қайта өсті (168,6% және 193,9%), 2013 жылы 207,1% дейін өсті (6-сурет).

Қазақстанда 2003-2013 жж. табыстың сатып алу мүмкіндігі (тұтынылған табыстың орташа мөлшерінен, зейнетақыдан, жәрдемақыдан) екі күнкөріс минимумынан аспады. Ресейде 2003

жылы жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыс көлемі күнкөріс минимумынан екі есе жоғары болды, ал 2008 жылы табыстың сатып алу мүмкіндігі 3,3КМ құрады. Эстония мен Венгрия халқының табыстарының сатып алу мүмкіндігі Қазақстан халқының табыстарының сатып алу мүмкіндігіне қарағанда 2 есе жоғары, ал Англия халқыныкі – 3,8 есеге артық. Бұл көрсеткіштер дамыған елдердің жағдайымен салыстырағанда Қазақстан халқының өмір сүру деңгейінің төмен екенін көрсетеді.

Қарастырылып отырған уақыт аралығында ақшалай кіріс құрылымындағы еңбек қызметі бойынша кірістің үлес салмағы айтарлықтай өсті. Бірақ, халықтың ақшалай табысының құрамындағы жеке меншік бойынша кірістің үлес салмағы өзгерген жоқ (2008жылы 0,7%-ды құрады), бұл үй шаруашылығымен айналысатындардың аз ғана бөлігі табыс алып келетін жеке меншіктерге ие екенін айқындайды.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» //Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. –Астана., 2012. Егемен Қазақстан, №828-831 (27902). желтоқсан -15.
- 2 ҚР статистика агенттігінің материалдары, Астана, 2014, 608 б.; Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі/ҚР статистика агенттігінің материалдары негізінде дайындалды. – Астана, 2014.
- 3 Социально-политическая стратификация казахстанского общества (по результатам социологического исследования КИСИ и научно-исследовательского проекта ИФиП) Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, Институт философии и политологии КН МОН РК, 2014. – С.15.
- 4 Казахстан и страны СНГ. Ежеквартальный журнал / под редакцией А. Смаилова. – Астана, 2014. – №4. – С. 57.
- 5 Рахметова Р.У. Моделирование уровня жизни населения. – Алматы: ТОО «Принт», 2007. – 165 с.

References

- 1 Nazarbayev N.A. «Kazakhstan – 2050 strategiyasy: kalyptaskan memleketin zhana sayasi baғыty» //N.A.Nazarbayev Kazakhstan khalkyna arnagan Zholdauy. – Astana., 2012. Yegemen Kazakstan, №828-831(27902). zheltoksan -15.
- 2 KR statistika agenttiginin materialdary, Astana, 2014, 608 b.; Kazakstandagy khalyktyn turmys dengeyi / KR statistika agenttiginin materialdary negizinde dayyndaldy. – Astana, 2014.
- 3 Sotsial’no – politicheskaya stratifikatsiya kazakhstanskogo obshchestva (po rezul’tatam sotsiologicheskogo issledovaniya KISI i nauchno – issledovatel’skogo proyekta IFiP) Nauchnoye izdaniye. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, Institut filosofii i politologii KN MON RK, 2014 – S. 15.
- 4 Kazakhstan i strany SNG . Yezhekvartal’nyy zhurnal / pod redaksiyey A. Smailova. – Astana, 2014. – №4. – S. 57.
- 5 Rakhmetova R.U. Modelirovaniye urovnya zhizni naseleniya. – Almaty: TOO «Print», 2007. – 165 s.

